

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1795 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж. № 8, 159-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларымен марапаттау (ведомстволық наградаларынан айыру) қағидаларында:

«Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздемелері» деген 3-бөлім мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісі»

69. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісімен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуда көп жылдық жемісті жұмысы және сіңірген еңбегі, мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы органдары қызметі саласындағы жоғары жетістіктері, маңызды мемлекеттік (мемлекетаралық) мәні бар жобалау құжаттамаларын әзірлегені, бейінді маман кадрларын даярлау саласында сіңірген еңбегі үшін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы қызметкерлерінің кәсіптік мүдделерін қорғағаны, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы өзекті проблемалар бойынша ғылыми зерттеулерді дамытқаны, инновациялық технологияларды енгізгені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы өзекті проблемалар бойынша қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды әзірлегені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметі саласындағы халықаралық, республикалық, салалық (секторалдық) және басқа да бағдарламаларды іске асырудағы жетістіктері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы табыстары үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының біліктілігі жоғары мамандары, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын

дамытуға елеулі үлес қосқан өзге де адамдар марапатталады.»;
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесі мен с и п а т т а м а л а р ы н д а :

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесі» деген бөлімде:

«Төсбелгілер» деген кіші бөлімнің 14-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері.»;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының сипаттамалары» (бұдан әрі – С и п а т т а м а л а р) » деген бөлімде:

«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төсбелгілері» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы тараумен толықтырылсын:

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» (45-қосымша)

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісі мыспен никель қорытпасынан, диаметрі 28 миллиметр және қалыңдығы 2 миллиметр дөңгелек нысанында дайындалады.

Белгінің бет жағында шартты түрде өрнектелген шаңырақты айналдыра «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» деген жазу шығыңқы орналастырылады. Шаңырақтың іші және жазу кара қою-көгілдір түсті эмальмен боялады.

Белгінің сыртқы жағында тіркеу нөмірі орналастырылады. Белгінің қыры тегіс.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 25 мм және биіктігі 15 мм қою-көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес сипаттамаларға 45-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

жылғы

29

желтоқсандағы

№

1795


қаулысына

қосымша

С и п а т т а м а л а р ғ а

45-қосымша

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісі



».